

## Облыс бюджеттеріне ресми трансферттер (субвенциялар) бөлу тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 сәуір N 619. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.04.13. N 565 қаулысымен

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1737 Р961737\_ қаулысының З-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Облыс бюджеттеріне ресми трансферттер (субвенциялар) бөлу тәртібі бекітілсін.
2. Аталған Тәртіп өзінің аумағында арнайы экономикалық аймақтары бар облыстарға қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 22 сәуірдегі

N 619 қаулысымен

бекітілген

Облыс бюджеттеріне ресми трансферттер (субвенциялар)  
бөлу тәртібі

1. Осы Тәртіп республика бюджетінен жергілікті атқарушы органдарға бөлінетін ішкі ресми трансфертердің (субвенциялардың) (бұдан әрі - трансфертер) нысанасын, сондай-ақ оларды беру тетігін айқындаиды.

2. Объективті себептер бойынша артта қалған аймақтарда әлеуметтік қызмет көрсетудің кепілді ең аз деңгейін қамтамасыз ету, сондай-ақ нысаналы жалпы мемлекеттік бағдарламаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру мақсатында облыс (республикалық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің

тепе-тендігін қамтамасыз ететін трансфертер түріндегі қаржыландыру тетігі қолданылады.

3. Төменгі тұрған бюджеттерге республикалық бюджеттен субвенция түрінде берілетін трансфертердің көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен, олардың нысанасы - осы Тәртіппен айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының хаттауын жасау кезінде инфляция деңгейін және нысаналы бағдарламаларды іске асыру мерзімін ескере отырып, трансфертерді айларап бойынша бөледі.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы қазынашылық республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының бекітілген хаттауына сәйкес трансфертердің нысанасын айқындастын Қаржы министрінің өкімі бойынша оларды жергілікті бюджеттерге аударады.

6. Трансфертер облыс бюджеттеріне мынадай көрсеткіштердің жай-күйіне бағланысты бөледі:

жалпымемлекеттік салықтар мен алымдар жөніндегі жоспарлардың жыл басынан бастап орындалуы;

жергілікті бюджеттерге бекітілген салықтар мен алымдар бойынша жоспардың жыл басынан бастап орындалуы;

өткен айлармен салыстырғанда барлық салықтар мен алымдар бойынша түспеген төлемдердің сомасының өзгеруі және т.б.

Әр облыс бойынша көрсеткіштердің нақтылы тізбесін және оларды қолдану тетігін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика және сауда министрлігімен келісе отырып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, сондай-ақ ерекшеліктерін ескере отырып белгілейді.

7. Трансфертер белгіленген тәртіппен секвестрлеуге жатады.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген трансферт сомаларының мақсатқа сай пайдаланылуына тоқсан сайын талдау жүргізеді және мақсатқа сай пайдаланылмауы фактілері анықталған жағдайда трансфертерді бөлмеуге, қайтарып алуға және оларды анықталған тәртіп бұзушылық сомасының көлемінде жұмсауға тыйым салуға құқылы.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі ай сайын Үкіметке облыс бюджеттеріне бөлінген трансфертер көлемі туралы ақпарат беріп отырады.

10. Облыс бюджеттеріне трансфертер түрінде бөлінген бюджет қаражатының мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуына бақылауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК